

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ
ОРЫНБАСАРЫ



ЗАМЕСТИТЕЛЬ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ _____

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына,
«Nur Otan» партиясы
фракциясының мүшелеріне
(Ертаев С. М., Әпсөметова Ә.М.,
Раззақ Н.Р.)

2021 жылғы 28 сәуірдегі № ДС-163 сауалға

Құрметті депутаттар!

Көппәтерлі тұрғын үйлердегі терезелерден құлап кетуден балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі құрылыс талаптарын сақтауға қатысты депутаттық сауалға сәйкес мынаны хабарлаймын.

Құрылыс талаптарын сақтау бойынша бақылауды күшейтуге қатысты

2018 жылғы ақпанда Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) балалар, мектепке дейінгі және мектеп мекемелерінде, сондай-ақ тұрғын үйлерде балалардың терезеден құлауының қауіпсіздік талаптарын күшейтуге бағытталған «Терезе блоктары. Жалпы техникалық шарттар» МЕМСТ 23166-99 мемлекетаралық стандарты қолданысқа енгізілді.

Бұл МЕМСТ-тың негізгі талаптарының бірі - терезе блоктарын қауіпсіздік құлыптарымен міндетті түрде жабдықтау.

Сондай-ақ, 2019 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасына сәйкес Министрлік балалардың ғимараттардың терезелерінен құлап кету жағдайларын болдырмау мақсатында сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы жобалау және құрылыс кезінде терезе блоктарын міндетті түрде қауіпсіздік құлыптарымен жабдықтау бөлігінде мемлекеттік нормативтердің талаптарын күшейтті (*«Көппәтерлі тұрғын үй ғимараттары» ҚР ЕЖ 3.02-101-2012**, *«Қоғамдық ғимараттар мен құрылыстар» ҚР ЕЖ 3.02-107-2014**, *«Мектепке дейінгі білім беру объектілері» ҚР ЕЖ 3.02-110-2012*, *«Жалпы білім беру мекемелері» ҚР ЕЖ 3.02-111-2012 және т.б.*).

Осыған байланысты қазіргі уақытта көппәтерлі тұрғын үйлерді жобалау және салу балалардың терезе құрылымдарынан кездейсоқ түсіп кетуінен

қауіпсіздік шараларын көздейтін жоғарыда көрсетілген құрылыс нормалары ескеріле отырып жүзеге асырылады.

Бұдан басқа, осы талаптарды сақтауы жобалау-сметалық құжаттаманың кешенді сараптамасы барысында және одан әрі авторлық және техникалық қадағалаулар тікелей құрылыс алаңында тексеріледі.

Сонымен қатар, бүгінгі күні құрылыс талаптарын сақтау бойынша бақылауды күшейту мақсатында құрылыс нормаларын цифрландыру (*жобалау кезінде BIM-технологияларды енгізу*) және «Е-Құрылыс» бірыңғай цифрлық алаңын енгізу сияқты құрылыс саласын цифрландыру элементтері енгізіліп жатыр.

Құрылыс нормаларын цифрландыру кейін автоматтандырылған тексеру алгоритмдерін жасау мақсатында қағаздағы нормативтік талаптарды цифрлық форматқа көшіру жөніндегі жұмыстарды орындауды көздейді, бұл адами фактордан туындаған қателерді уақтылы анықтау проблемасын шешуге мүмкіндік береді.

«Е-Құрылыс» жүйесі құрылыс процесінің барлық қатысушыларына арналған және барлық белгіленген нормативтер мен талаптардың сақталуын орталықтандырып қадағалауға мүмкіндік береді. «Е-құрылыс» жүйесінде барлық қажетті рұқсат беру құжаттары мен жобалау-сметалық құжаттама көрсетілетін, ал барлық қатысушылар атқарушылық-техникалық құжаттаманы тікелей жүйеде толтырып, жүргізетін болады.

Жаңа ғимараттарды салу кезінде ғана емес, сонымен қатар терезелерді шығару кезінде, сондай-ақ ескі терезелерді ауыстыру кезінде тиісті талаптарды енгізуге қатысты

Терезе блоктарын дайындауды тиісті рұқсаты бар ұйымдар орындайды және сапа сертификатымен сүйемелденеді. Мемлекеттік стандарттардың талаптарына сәйкес келмейтін құрылыс өнімдерінің айналысына техникалық реттеу саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган жол бермейді және оны бақылайды.

Пластикалық терезе конструкцияларын өндіру сапасын бақылау үшін дайындау және монтаждау ережелерін белгілейтін бірқатар нормативтік құжаттар бар. Пластикалық терезелердің сапасын бақылаудың негізгі стандарттары: «Поливинилхлоридті профильдерден жасалған терезе блоктары. Техникалық шарттар» МЕМСТ 30674-99, «Терезе блоктары. Жалпы техникалық сипаттамалары» МЕМСТ 23166-99, «Құрылыстық мақсаттағы желімделген шыныпакеттер. Техникалық шарттар» МЕМСТ 24866-99, «Терезе және есік блоктарына арналған поливинилхлоридті профильдер. Техникалық шарттар» МЕМСТ 30673-99.

МЕМСТ 23166-99 5.1.8-тармағына сәйкес өнімдер пайдалану мен қызмет көрсетуде қауіпсіз болуы тиіс. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін балалардың жарақаттануын және балалар, мектепке дейінгі және мектеп мекемелеріндегі, сондай-ақ тұрғын үйлердегі терезелерден құлап кету мүмкіндігін болдырмау мақсатында терезе блоктары тұтқаның бүйірінен төменгі тұстамаларда орнатылған және бұрылмалы (айқара ашылатын) ашудың бұғатталуын

қамтамасыз ететін, бірақ қайырмалы жағдайдың жұмыс істеуіне мүмкіндік беретін қауіпсіздік құлыптарымен жасақталуы тиіс.

Сондай-ақ, МЕМСТ 23166-99 5.5.3-тармағына сәйкес терезе өнімдерін жеткізген жағдайда жиынтыққа қауіпсіздік құлыптары кіруі тиіс.

Осыған байланысты бүгінгі күні терезелер өндірісі терезелерден құлап қалудан қауіпсіздікті қамтамасыз ететін іс-шараларды ескере отырып жүзеге асырылады.

Пәтерлердегі ескі терезелерге қатысты терезе блоктарын ауыстыруды меншік иесі өз бетінше немесе бөгде ұйымдарды тарта отырып жүргізеді және жобалау-сметалық құжаттама жасауды және құрылыс-монтаждау жұмыстарына лицензияның болуын талап етпейді.

Терезе блоктарын орнатуға авторлық қадағалау жүргізуге қатысты

«Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 32-бабына сәйкес авторлық қадағалауды барлық құрылыс объектілерінде жобалық құжаттаманы әзірлеушілер жүзеге асырады. Авторлық қадағалауды жүзеге асыратын тұлғалар құрылыс барысында бекітілген жобада көзделген жобалық шешімдердің дәл орындалуын қамтамасыз етуге міндетті.

Авторлық қадағалаусыз құрылысты жүзеге асыру заңнаманы бұзу болып саналады (*Заңның 17-бабының 6-тармағы*), бұл өз кезегінде әкімшілік жауапкершілікті көздейді.

Сонымен қатар, құрылыс алаңында келіп түскен материалдарға кіру бақылауы орындалады және қолдану кезінде Тапсырыс беруші, авторлық және техникалық қадағалау бақыланады.

Сондай-ақ, авторлық қадағалау жөніндегі сарапшы жұмыстардың көлемі мен құрамының, өндіріс технологиясының және ғимараттар мен құрылыстарды салу бойынша орындалған жұмыстардың, оның ішінде Технологиялық жабдықты монтаждау бойынша жұмыстардың сапасының сәйкестігін, сондай-ақ конструкцияларға, бөлшектерге, құрылыс материалдары мен жабдықтарына арналған сертификаттардың мемлекеттік стандарттарға, техникалық шарттарға және жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкестігін тексереді (*Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 3 ақпандағы № 71 бұйрығымен бекітілген Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласында инжинирингтік қызметтер көрсету қағидаларының 25-тармағы*).

Осылайша, терезелерге блокторлардың орнатылуын бақылау бөлігінде ғимараттар мен құрылыстардың құрылысына авторлық қадағалауды жүзеге асыру заңнамалық деңгейде көзделген.

Балалардың тұрғын үйлердің терезелерінен құлап қалуынан қауіпсіз құлыптарды орнатуға қойылатын талаптарды сақтамағаны үшін, тіпті лицензиядан айыруға дейін заңды жауапкершілікті күшейтуге қатысты

Тұтастай алғанда, сапасыз құрылыс, құрылыс нормалары мен жобалау құжаттамасының талаптарын бұзу, авторлық қадағалаудың болмауы және сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы басқа да

бұзушылықтар үшін жауапкершілік мәселелері «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 20-тарауында (312-323-1-баптар.) және Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодексінің 277-280-баптарында регламенттелген.

Тұрғын үйлерде қауіпсіз құлыптарды орнатуға қойылатын талаптарды сақтамағаны үшін жауапкершілік «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 313-бабының нормасы қолданылады, онда лауазымды адамдарға – қырық, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне – екі жүз, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – төрт жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне жеті жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салу түріндегі әкімшілік жауапкершілік көзделген.

Р. Скляр